




«Қазақ  
Гуманитарлық  
Заң  
Университеті»  
АҚ  
Әскери  
кафедрасы



**№ 1 тақырып. Әскери психология ғылым ретінде.  
Офицердің қызметіндегі психологиялық білімнің ролі**



Сұрақтар:

**1. Жалпы психологияның мәні, нысанасы, мақсаттары және принциптері.**

**2. Әскери психологияның мәні, нысанасы, мақсаттары және әдістері.**

**3. Әлеуметтік-психологиялық жұмыстардың негізгі мақсаттары**

# Психология, жан (рух) туралы ғылым

(«психе»- жан, «логос»-ғылым)



**ПСИХОЛОГИЯ – адамның және адамдар тобының психикасы және психологиялық іс-әрекеттері туралы ғылым, ол адамның психикасының әртүрлі іс-қимыл жағдайларында дамуының және көріністерінің заңдылықтарын ашады**



**Бихевиоризм (Дж. Уотсон, Скиннер);**

**Рефлексология (И. Павлов, В.  
Бехтерев);**

**Гештальтпсихология (В. Келер, Коффки,  
М. Вертгеймер);**

**Талдау психологиясы (К. Юнг, А. Адлер)**

**Психолоанализ (З. Фрейд);**



# Психологияның нысанасы мыналар болып табылады

Адам психикасы  
заңдылықтарының  
механизмдері

Адамның тәртібі  
(мінез-құлқы)



Служба в Вооружённых Силах  
Республики Казахстан



Защита Республики  
Казахстан является  
священным долгом и  
обязанностью каждого ее  
гражданина.

Конституция Республики  
Казахстан Статья 36 п.1

MyShared








## **Психологияның әдістеме ғылымдық принциптері**

- 1. Детерминизм принципі (өмір салты басқару жүйесі, ал психика – басқарылмалы)**
- 2. Сана және іс-әрекеттің бірлігі принципі (сана және іс-әрекет бір-біріне қарама-қайшы емес, бірақ тепе-тең емес, тұтастықты құрайды)**
- 3. Психиканың іс-әрекетте дамуы принципі (психика және сана дұрыс түсінікті және түсіндірілуі мүмкін, егерде олар дамудың өнімі және іс-әрекет нәтижесі ретінде қарастырылатын болса)**
- 4. Жеке адам тәсілі (кез келген психологиялық құбылысты зерттегенде осы құбылыстың жеке адамның құрылымына енгізілгенін ескеру қажет)**



# Психология салалары

- 1) Бала психологиясы
- 2) Әлеуметтік психология
- 3) Педагогикалық психология
- 4) Инженерлік психология
- 5) Еңбек психологиясы
- 6) Психопаталогия
- 7) Заң кеңесі психологиясы
- 8) Әскери психология және т.б.





# Қазіргі уақытта әскери психологияның өзектілігі мыналармен негізделеді

1-ден, – әскери бөлімдер мен мекемелердің штатына штаттық әскери психологтарды енгізумен

2-ден, – Қарулы Күштерді жинақтау тәртібінің және әскери қызметті атқару мерзімінің өзгерулерімен

3-ден, – идеологиялық және тәрбие жұмыстары жүйесінде жаңа тапсырмалардың пайда болуымен







## Әскери психология

Әскери психология – бұл жалпы психологияның қолданбалы саласы, ол жауынгердің психикасының және әскери ұжымның психологиясының қызметтік-тұрмыстық іс-әрекеттер жағдайларында дамуының және жұмыс істеуінің заңдылықтарын зерттейді





## Әскери психологияның нысанасы



Әскери психологияның мыналар болып табылады


нысанасы

- жауынгердің психикасы

- әскери ұжымның психологиясы



# Әскери психологияның мақсаттары




жауынгерлердің және әскери ұжымдардың психологиялық аспектілерін анықтайды;

- жауынгерлік тапсырмаларды орындау, жеке құрамды ұрысқа жан-жақты даярлау мақсатында жауынгердің жеке психологиялық ерекшеліктерін зерттейді;
- жауынгердің психикасына және әскери ұжымның психологиясына әскери қызметтің әртүрлі шарттарының ықпал етуін, әскери қызметшілердің психологиялық денсаулығын сақтау және қалпына келтіруді зерттейді;
- ұжымды біріктіру, әскери тәртіпті нығайту және жауынгерлік белсенділікті жоғарылатудың жолдарын табу, сонымен қатар әскери ұжымдарды басқарудағы барлық өзекті мәселелерді шешу мақсатында әскери ұжымның психологиясын зерттейді;
- оқытудың және жауынгерлерді тәрбиелеудің психологиялық негіздерін әзірлейді;
- осы заманғы ұрыс жағдайларында іс-әрекеттер ету үшін жеке құрамның психологиялық даярлығының заңдылықтарын зерттейді ;
- жеке құрамның жоғары қырағылығын және жұмыс қабілеттілігін ұзақ уақыт сақтаудың психологиялық, психофизиологиялық қиындықтарын ашады;
- экстремалды жағдайда, оның ішінде қарсылас жаудың ақпараттық-психологиялық ықпал етуіне қарсы тұру жағдайларында психологиялық қиындықтарды талдайды және жағымсыз психологиялық құбылыстарды болдырмаудың жолдарын анықтайды;
- жауынгерлік техниканы және қару-жарақты пайдалануға қатысты жауынгердің психологиялық мүмкіндіктеріне мінездеме береді.



## Әскери психологияның негізгі әдістері

- 1) бақылау;
- 2) эксперимент;
- 3) сауалнамалық материалды зерделеу;
- 4) тестілеу әдісі;
- 5) әңгімелесулер;
- 6) тәуелсіз мінездемелердің қарым-қатынас әдісі;
- 7) процестер және іс-әрекеттер нәтижелерін талдау;
- 8) социометрия.







Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріндегі психологиялық жұмыстардың мазмұны, мақсаттары және ұйымдастырудың тәртібі ҚР Қорғаныс министрінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 926 «Психологиялық жұмыстардың құрылымы және іс-әрекеттерінің бағыттарын бекіту туралы» бұйрығымен анықталған



Құрылымдық және функционалдық құрамы





## Психологиялық қызметтің негізгі мақсаттары

Жеке құрамның бойында қойылған қызметтік-жауынгерлік тапсырмаларды орындауға қажетті, психологиялық маңызды қасиеттерді дамыту үшін жағдай қалыптастыру және оны қолдау

Әлеуметтік теріс бейімделу пайда болуының шарттарын болдырмау және жеке тұлғаның бұзылуын, әскери қызметшінің мінез-құлқының бүлінуін және жеке тұлға ретіндегі нашар өзгерістерін психологиялық түзету

### Негізгі мақсаттары

Әскери қызмет процесіндегі тапсырмаларды табысты орындау үшін әскери қызметшінің жеке тұлғасының тиянақты, сенімді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету

барлық санаттағы әскери қызметшілердің бойында жалпы психологиялық мәдениетті, психологиялық білімін бағынысындағылармен жұмыста және өзінің жеке дамуында пайдалану ниетін қалыптастыру



## **Психологиялық қызметтің іс-әрекетінің негізгі бағыттары**

**Психологиялық білім  
беру**

**Психопрофилактика  
лық жұмыс**

**Негізгі  
бағыттары**

**Психологиялық даярлау**

**Психодиагности-  
калық жұмыс**

**Психологиялық  
көмек**





## **Психологиялық қызметтің негізгі мақсаттары**

**Әскери қызметшілердің (азаматтық персоналдың) жеке-психологиялық ерекшеліктерін, әскери ұжымдардағы әлеуметтік-психологиялық процестерді зерделеу және оның дамуын бағдарлау**

**Әскери орта жағдайының әскери қызметшінің психикасына және әскери ұжымдардағы әлеуметтік процестер ағымының ерекшеліктеріне ықпал етуін зерделеу**

**Жауынгердің мінез-құлқының өзгешелігін сипаттайтын, жеке тұлғаның басты ерекшеліктерін және қасиеттерін анықтауға бағытталған психодиагностикалық іс-шаралар өткізу**

**Әскери қызметшілердің мәдени-ұлттық дәстүрлерін ескере отырып, психологиялық ерекшеліктерін зерделеу және оларға психологиялық мінездеме құрастыру**

**Әскери қызметшілердің жеке басындағы берекесіздік және ой-өрісінің бұзылу белгілерін анықтау, психологиялық түзету шараларын ұйымдастыру және өткізу**

**Мамандықтар бойынша дұрыс бөлу мақсатында, әскери қызметке шақыру кезінде (оқу орнына түсу) әскери қызметшілерді кәсіби-психологиялық іріктеу**

**Әскери ұжымдарда қолайлы жағдайды жасау мақсатында, олардың психологиясын зерттеу және ұсыныстар мен ұжымдарды басқарудың әдістерін әзірлеу**

**Психологиялық заңдылықтарды және әскери тәртіпті нығайтудың жолдарын ашу, құқық бұзушылық туралы ескерту және алдын-ала сақтандыру ың тәсілдерін анықтау**

**Жеке құрамды осы заманғы ұрыс жағдайларында іс-әрекет етуге психологиялық даярлау, табысты болуының заңдылығын анықтау, жауынгердің жеке басының психикасына ұрыс зардабының (психологиялық жарақат) әсер ету салдарын айқындау**

**Әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне психологиялық білім беру, оларға қажет болған жағдайда психологиялық көмек көрсету**

## **Бақылау сұрақтары**

- 1. Психологияның ғылым ретіндегі мәні. Анықтама беріңіз.**
- 2. Психологияның ғылым ретіндегі нысанасы не?**
- 3. Психологияның әдістеме ғылымының принциптерін атаңыз және оның мәнін ашыңыз.**
- 4. Ғылым жүйесіндегі психологияның орны. Психологияның салаларын және оның қысқаша сипаттамаларын атаңыз.**
- 5. Әскери психологияның мәні. Анықтама беріңіз.**
- 6. Әскери психологияның нысанасы не?**
- 7. Әскери психологияның мақсаттарын атаңыз және қысқаша ашыңыз.**
- 8. Әскери психологияның әдістерін атаңыз. Оның мәні қандай және әрбір әдіске қандай талаптар қойылады?**
- 9. «ҚР ҚК-дегі психологиялық жұмыстар» түсінігінің мәні қандай? Анықтама беріңіз.**
- 10. ҚР ҚК-дегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаттарын атаңыз және қысқаша сипаттама беріңіз.**
- 11. Әскердегі психологиялық қызметтің негізгі мақсаттарын атаңыз және қысқаша сипаттама беріңіз.**



**НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ**